

## **Абайдың «Толық адам» ілімі – тұлға баулу жолының темірқазығы**

Қазақтың қайталанбас ойшылы Абай сынды данышпаны өз тұсында : *«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық»* деген түйінге келген-ді. Біле білсек, Абай ғұламаның тұлға баулу жолына темірқазық болар қаншама осы іспетті саф алтын тұжырымдары бары кім-кімді де қайран қалдырары сөзсіз. Тек саналы түрде үңіле білгейсіз!.. 2026 жылы ақпан айының 20-сы күні университетімізде *«Абайдың «Толық адам» ілімі: білім-ғылым жолы, адамдық-кісілік жолы, өзін-өзі тану, қалыптастыру жолы, игеру қағидалары»* тақырыбында *Алқалы мәжіліс*



өткізілді. Алқалы кеңеске Қоғамдық даму департаментінің директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі **Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы** модераторлық

жасады. Алқалы мәжіліс *«Абайдың «Толық адам» ілімі - студент жастардың білім-ғылымға ұмтылу болмысын баптау жолы»* тақырыбындағы университет ректоры, профессор, Қазақстан Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты **Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлының** алғы сөзімен ашылды.

Алқа мәжілісінде абайтану және тұлға баулу мәселелеріне қатысты бірқатар тақырыптық баяндамалар жасалды. Олар - университеттің Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры **Сүлейменов Мерген Қуанышұлының** *«Абайдың «Толық адам» ілімі - жас тұлғаның даму, қалыптасу жолы»*, Қоғамдық даму департаментінің директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының** *«Шығыстық дүниетанымдық дәстүр: «Шығыс ойшылы Абай ақыл, қайрат, жүрек және ғылым туралы»*, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері, «Құрмет» орденінің иегері **Жақсығалиев Жаңабек Жаңабайұлының** *«Абайдың «Толық адам» ілімі» («Тектілік» феномені*

негізінде), Батыс Қазақстан облысы Дарынды балаларға арналған мамандандырылған «Білім-инновация» мектеп-лицей-интернаты директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары **Хамза Рақымжан Орынбайұлының** «Абайдың «Толық адам» ілімі – тұлғаның өзін-өзі тану жолы» («Білім-инновация» мектеп-лицейінің тәжірибесі бойынша), Батыс Қазақстан облыстық маслихатының депутаты, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері **Сағитов Ақылбек Темірболатұлының** «Абайдың «Толық адам» ілімі-адамдық, кісілік жолы», саясаттанушы **Шайхиев Тұрар Төлегенұлының** «Абайдың «Толық адам» ілімі - қазақтың бірлігі жолы, өркениеттің жалынан ұстайтын қол қалыптастыратын жол», университет психологы **Төлегенқызы Гүлзамираның** «Абайдың «Толық адам» ілімі - ойшылдың өзі сыни көзбен қараған қазақтың бойындағы кемшілікті болдырмаудың жолы», филология факультетінің III курс студенті, Қоғамдық даму департаментінің әдіскері **Марселова Аяулым Асланқызының** «Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны: тәрбие, ізгілік мәселесінің ұлттық құндылықтық мәні», филология факультетінің III курс студенті, Қоғамдық даму департаментінің әдіскері **Сейітжанова Жанайна Мадиярқызының** «Әбу Насыр әл-Фараби адал азамат тұлғасы туралы» тақырыптарындағы құнды ойларға толы баяндамалар...



Алқа мәжілісінің пікіралмасу сәтінде елімізге белгілі қоғам қайраткері, құрметті зейнеткер, еңбек ардагері **Бірманов Нұрлыбек Шайдоллаұлы** мен БҚО Ақжайық ауданының құрметті азаматы, Орал қалалық ақсақалдар кеңесінің мүшесі, өлкетанушы **Мұхаммед-Керейтегі Әленғали**

**Ұлықпанұлы** ағаларымыз сөз алып, күн тәртібіндегі өзекті мәселеге орай өз ойларын ортаға салды. Алқа мәжілісіне қатысушылар ортақ түйінге де келе білді. Сондай-ақ осы күні «Абайдың «Толық адам» ілімі – тұлға баулу жолының темірқазығы» тақырыбында университеттің Ғылыми кітапханасының директоры **Әлімбекерова Тоты Еркінқызының** басшылығымен кең көлемді көрме жасақталып, ұсынылған материалдарды Оқырмандар сұранысын қамту бөлімінің меңгерушісі **Нұрғалиева Садап Сүйесінқызы** ұтымды таныстыра білді. Қысқасы, Абайдың «Толық адам» ілімі – ізгілікті кемел тұлға қалыптастыру негізі.

Ал біздің түйіндеуімізше, кемел адам – обал мен сауапты, жақсы мен жаманды, пайда мен зиянның парқын білетін парасат-пайым иесі. Ол –

күнделікті ұсақ-түйек оқиғалардан өзін жоғары қоя білетін кісілігі ірі тұлға. Ол – оқиғаның астарына үңіліп, әрбір жағдайды терең сараптай білетін, заман ағысын жақсы бағамдайтын сұңғыла адам. Кемел адам – өз ісінің шебері. Нәпақасын адал жолмен, маңдай терімен табады. Масылдықты ұят санайды, қол қусыруды ар көреді, намысын биік ұстайды. Тапқанын көппен бөлісе алатын мәрт мінезді жомарт жан... Осы іспетті сериалды ой-пікірлер алқалы кеңеске қатысқан әрбір тыңдаушының кеудесінде кеткендей ойға қалдық... Лайым солай болғай!

**Абат Қыдыршаев,**  
*Қоғамдық даму департаментінің директоры*  
**Аяулым Марселова,**  
*Қоғамдық даму департаментінің әдіскері*